



XFTAP 19.41.09

**Г.Ш. Әшірбекова<sup>1</sup>, Р.М. Есназарова<sup>2</sup>, С.Б. Бахтиярқызы<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

<sup>2</sup>Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

e-mail: ashirbekova\_75@mail.ru, r.yesnazarova@list.ru  
bakhtiarova@mail.ru

## Аймақтық БАҚ-ты зерттеудің өзекті мәселелері

**Аңдатпа.** Мақалада аймақтық БАҚ-ты зерттеудің өзекті мәселелері талданады. Автор баспасөз тарихын зерттеу әдістері мен ғалымдардың еңбектерінде кездесетін деректерді салыстыра отырып, алдағы уақытта облыстық газеттер тарихын жүйелеу қажеттігін алға тартады. Зерттеу еңбектерін салыстыра отырып, аймақтық баспасөз тарихындағы деректер сәйкессіздігін кесте арқылы көрсеткен. Сондай-ақ аймақтық БАҚ-тың отандық журналистикадағы орны мен маңызды қызметіне тоқталып, цифрлық дәуірдегі технологиялық мүмкіндіктерді игерудің маңызын айқындайды. Автор аймақтық БАҚ-қа қатысты бірқатар зерттеу еңбектерін негізге алып, олардың жаңашылдығын көрсеткен.

Аймақтық БАҚ-ты зерттеуді өзекті мәселелерін жіктей келіп, олардың маңызына тоқталған. Сондай-ақ алдағы уақытта қарастырылуы керек мәселелерді айқындайды. Мақалада аймақтық ақпарат құралдарының жаңа медиа мүмкіндіктерін пайдаланудағы кемшіліктер нақты көрсетілген. Шетелдік аймақтық БАҚ зерттеушілерінің зерттеу әдістеріне мән беріп, аймақтық БАҚ қызметіндегі түйткілді мәселелерді қарастыру қажеттігі анықталған.

**Түйін сөздер:** БАҚ, аймақ, облыс, газет, редактор, контент-талдау.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2023-143-2-8-15>

**Кіріспе.** Аймақтық баспасөз – журналистиканың негізгі саласы. Аймақтық басылымдар Қазан төңкерісінен кейін директивалық нұсқаудың ықпалымен жарыққа шығып, бүгінгі күнге дейін жарыққа шығып келеді. Жұмысшы, шаруалар арасында кеңестік биліктің саясатын насихаттау бағытында шығарылған губерниялық газеттер қазіргі таңда аймақтың негізгі ақпарат құралына айналды. Сондай-ақ облыстық басылымдардың көпшілігі

ғасырдан астам уақыт үздіксіз жарық көріп келеді. Олардың барлығы дерлік жаңа медианың мүмкіндіктерін меңгеріп, цифрлық технологияға көшкен. Аймақтық басылымдарда демократиялық қоғамның негізгі құндылықтары дәріптеліп, өңірдің өзекті мәселелері жазылып, түйткілді проблеманың шешімін табуға деген талпыныс бар. Өңірдегі журналистердің жаңа медианың ақпарат таратудағы технологиялық мүмкіндіктерін пайдаланудағы тәжірибесі жүйелі

қалыптасып келеді. Дегенмен кейбір облыстық басылымдардың экономикалық ахуалы көңілдегідей емес. Өңірлік журналистикада кадр тапшылығы да айқын байқалады.

Аймақтық баспасөзге қатысты ғылыми мәселенің бірі – газет тарихын жазған ғылыми еңбектер мен редакция ұжымының зерттеу кітаптары мен естеліктерде бірізділіктің сақталмауы. Біріншіден, газеттің тарихын редакцияда қызмет еткен тәжірибелі журналистер жазған. Ал ғылыми зерттеуде көрсетілген деректің редакция қызметкері жазған естелікпен сәйкес келмейтін тұстары кездеседі. Сондықтан баспасөз тарихын жазуда нақтылық пен деректілікке баса назар аударған жөн.

Осы уақытқа дейін аймақтық мерзімді баспасөз тарихына қатысты Қ.Бекхожин, Т.Қожакеев, Қ.Аллаберген, Н.Шыңғысова және тағы басқа зерттеушілер бірқатар еңбектер жазды. Алдымен аймақтық баспасөз тарихының жазылуына кеңестік кезеңнің ықпалы болғанын жасырмаймыз. Дегенмен баспасөз тарихын зерттеу әдістері жағынан Қ.Бекхожин мен Т.Қожакеевтің қолтаңбасы қалыптасқанын, көптеген зерттеулерге аталған еңбектердің негізгі дереккөз болғаны шындық.

Аймақтық басылым тарихын қарастыру ең алдымен сол өңірдің қалыптасу, даму жолдарымен тығыз байланысты. Елдің саяси, экономикалық, әлеуметтік жағынан өсіп-өркендеуі мен тарихи кезеңдерде қабылданған шешімдердің іске асырылу мен өзекті мәселелер губерниялық, облыстық газеттерде жазылды. Сондықтан да аймақтық газеттер – ел тарихының шынайы көрінісі. Аймақтық басылымдар әр кезеңде тек ақпараттық қана емес, ағартушылық қызметті атқарғанын жасыра алмаймыз.

Екіншіден, журналистиканың әр кезеңдегі пәрменділігі мен нәтижелілігі, шығармашылық ізденіс пен тәжірибені айқындауда аймақтық басылымдардың маңызы зор. Өйткені аймақтық басылым – шығармашылық шеберхана. Аудандық, облыстық газеттерде тәжірибе жинақтаған мамандардың республикалық басылымдардың мазмұнын байытуға үлес қосуы бүгінгі таңда дәстүрге айналған.

Үшіншіден, аймақтық баспасөз тарихына қатысты мұрағат деректері қай кезде де маңызын жойған емес. Соңғы жылдары ғасырлық мерейтойын атап өткен басылымдардың бірқатары тарихын қайта жазып, естеліктер мен топтама жинақтар шығарды. Мәселен, Қызылорда облыстық «Сыр Медиа» ЖШС «Сыр журналистикасының тарихы» атты бес томдық шығарса, Жамбыл облыстық «Ақ жол» газетінің 10 томдығы, Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің тарихына байланысты мұрағат деректері негізінде зерттеу жүргізілді, ғылыми жұмыстар қорғалды. Аталған еңбектерді журналистика тарихына сүбелі үлес әрі болашақ зерттеушілер үшін таптырмас қазына дер едік.

**Зерттеу әдісі.** Аймақтық басылым тарихын зерттеудің ең тиімді әдісі – деректанушылық яғни мұрағат құжаттарымен жұмыс. Мұрағатта сақталған газет қиындысынан бөлек, басылымның тіркеу туралы құжатының, редактор, журналистердің жеке істерінің де көмегі зор. Басылым тарихын жазу барысында олардың шыққан жылы мен мекенжайы, редакторға қатысты мәліметке өте абай болған жөн. Мәселен, осы уақытқа дейінгі зерттеу еңбектерде Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газетінің алғашқы редакторы Ж.Тілепбергеновтің болғанын жазып келді. Ал Мәскеу мұрағатындағы газеттің алғашқы нөміріне жауапты шығарушы деп Батырғали Калюковтың қолы қойылғаны расталды [1. 13]. «Арқа ажары» газетінің тарихына байланысты да түрлі көзқарас, сыни пікірлер айтылғанымен, басылымның 1917 жылы жарық көрген «Тіршілік» газетінен басталатыны анықталды [2].

Аймақтық баспасөз тарихын зерттеуде деректанушылық және контент-талдау әдістері кеңінен пайдаланылғанын байқаймыз. Атап айтар болсақ, Қ.Бекхожин, Т.Қожакеев, Қ.Аллаберген, Ж.Нұсқабайұлы, Ф.Оразай, Н.Шыңғысованың еңбектерінде басылымның шыққан жылы, ондағы мақалалар мазмұны мен авторлар жарияланымдарының сипаты баяндалады. Облыстық газеттердің тарихы мен тәжірибесін зерттеу мәселелері тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарында қарқынды

дамыды. Мәселен, Р.Молдашеваның, В.Абишеваның, А.Қасымовтың, Ә.Белдебекованың, А.Жанысбаеваның аймақтық БАҚ мәселелеріне арналған ғылыми еңбектері жарық көрді. Алайда жоғарыда келтірілген ғылыми еңбектер мен жеке авторлардың, редакция ұжымының дайындаған естеліктері мен жинақтарында басылым тарихына қатысты деректерге қатысты сұрақ ашық күйінде қалып отыр. Сондықтан аймақтық баспасөзді зерттеуде деректанушылық және салыстырмалы талдау әдістерін пайдаланған дұрыс.

**Талқылау.** Аймақтағы газеттер алғашында директивалық нұсқауға байланысты жарық көрген. Бұл туралы Қ.Бекхожин, Т.Қожакеев, Қ.Аллаберген, Н.Шыңғысова өз еңбектерінде атап көрсетеді. Кеңестік идеологияны елдің санасына сіңіру үшін мерзімді баспасөз ақпараттық, ағартушылық, ұйымдастырушылық, насихаттық қызмет атқарды. Оның жарқын көрінісін кеңестік кезеңдегі түрлі саяси оқиғалар кезіндегі облыстық газет тігінділерінен байқауға болады. Мәселен, 1923 жылы наурыз айында «Баспасөздің міндеттері туралы» шешімнің саяси астары жоғарыда айтқан пікірімізді дәлелдей түспек. 1924 жылдан бастап жұмысшы, шаруалар газетіне көңіл бөлінді. Осы жылдары өткен ауыл-село тілшілерінің съезінде баспасөздің негізгі міндеттерінің бірі ретінде насихат екендігі түсіндірілді. 1925 жылы наурызда жарық көрген Орталық комитеттің шешімінде кейбір газеттерге қатысты сын айтылды. 1940 жылдың өзінде екі рет аудандық газеттер туралы қаулы жарияланды. Профессор Қ.Аллаберген «Мерзімді баспасөз және басқа басылымдар сан және сапа жағынан да өсе берді. Ұлы Отан соғысы

қарсаңында республикада жалпы тиражы 1 миллион дана болып негізінен қазақ және орыс тілінде 322 газет шығарылды. 9 республикалық, 28 облыстық, 193 аудандық газет шығып тұрды» [3. 168], – деп жазады. Осы келтірілген сандардың өзі кеңестік кезеңдегі облыстық баспасөздің қаншалықты пәрменді екендігін байқатса керек.

1917 жылдан бастап жарық көрген аймақтық басылымдар тарихына қатысты деректерді жүйелеп алғанымыз жөн. Өйткені әрбір аймақтық басылым – сол өңірдің тарихи дереккөзі. Мерзімді баспасөзді тарихи дереккөз ретінде талдаудың маңызы туралы ғалым Қ.Атабаев «Газеттер мен журналдарды талдаудың ерекшеліктері олардың жазба деректердің түрі ретіндегі күрделілігі мен өзіндік орнынан туындайды. Біріншіден, мерзімді басылым әр алуан жазба деректердің түрлерінен, екіншіден, әлеуметтік функциясы, формасы мен мазмұны жағынан тегі бір деректердің өзіндік түрлерінен тұрады.

Тарихи талдаудың нақты объектісі ретінде белгілі бір басылымды тұтас, оның жарыққа шығу хронологиясын қатаң сақтай отырып алуға болады, не сол басылымда жарияланған нақты бір тексті дерек ретінде алуға болады»[4. 39], – дей келіп, баспасөзді зерттеудің екі жолын көрсетеді. Біз мақалаға арқау еткен негізгі мәселе – басылым тарихының деректеріне қатысты сәйкессіздік. Яғни, аймақтық басылым тарихының деректанушылық сипаты әлі де болса қайта қарастыруды қажет етеді. Төмендегі кестеде облыстық газеттер тарихына байланысты зерттеуші ғалымдар еңбектерінде келтірілген деректер ұсынылады:

№	Аймақтық газеттің атауы	Т.Қожакеев «Жыл құстары»	Қ.Аллаберген «Қазақстанның облыстық және аймақтық баспасөзінің тарихы»	Н.Шыңғысова «Өңірлік мерзімді баспасөздің менеджменті мен маркетингі»
1	«Ақтөбе» газеті	1924 жылғы 17 наурыздағы біріккен мәжілісінде қазақ газетін «Кедей» деген атпен шығаруды ұйғарды[5. 92-б.].	1921 жылы маусым айында «Казахская степь» жетілік газеті шыға бастады[6. 108-б.].	1924 жылы 7 маусымда құрылған[7. 33-б.].
2	«Арқа ажары» газеті	1928 жылы қазанда «Жаңа арқа» газеті шықты [5. 98].	1928 жылы қазанда «Жаңа арқа» газеті шықты[6. 35-б.].	Газеттің әр жылдардағы шығу деректері сәйкес келмейтінін атап көрсеткен [7. 37-б.].
3	«Сарыарқа самалы» газеті	1928 жылдың желтоқсанында «Кеңес туы» атты газет шығаруды ұйғарып, оның штатын бекітті[5. 100-б.].	1929 жылы 15 ақпанында алғаш рет «Кеңес туы» деген атпен шыға бастаған[6. 67-б.].	1929 жылдың 15 ақпанында «Кеңес туы» деген атпен жарық көрді [7. 38-б.].
4	«Дидар» газеті	1940 жылы 1 қаңтардан «Социалистік Алтай» газеті шығарыла бастады[5. 106-б.].	1940 жылы 1 қаңтардан «Социалистік Алтай» газеті шығарыла бастады[6. 90-б.].	Шығыс Қазақстан облыстық «Дидар» газеті 1931 жылы 26 тамызда құрылған[7. 41-б.].

Жоғарыда келтірілген кестеде аймақтық басылымдар тарихындағы дерекке байланысты сәйкессіздікті ұсындық. Аймақтық баспасөздің әр жылдардағы атауы мен редакторлары жайлы ақпарат та әртүрлі. Сондықтан аймақтық басылымдар тарихын қазіргі жаңадан құрылған облыстарды ескере отырып, қайта зерттеген дұрыс. Мақала жазу барысында аймақтық баспасөздің тарихы туралы ғылыми еңбектерге ғана тоқталдық. Аталған басылымдардың ғасырлық шежіресін жазуда шығармашылық ұжым мен жеке авторлардың еңбектерін қоса қарастыруды алдағы күннің еншісіне қалдырамыз. Себебі, аймақтық басылым тарихына қатысты жекелеген авторлардың, шығармашылық ұжымдардың кітаптары қолымызға толық тимей отыр.

**Нәтижелер.** Аймақтық БАҚ қызметін зерттеу мәселесінің өзектілігі болашақта да күн тәртібінен түспейді. Біз жоғарыда газет тарихына қатысты мәселенің бар екенін байқаттық. Алдағы уақытта БАҚ қызметін ұйымдастыру мен басқару тәжірибесіне байланысты өңірдегі жаңалықтар мен жетістіктерді, өзекті мәселелерді қарастыруы қажет. Оның үстіне отандық медиакеңістіктегі кәсіби проблемалардың көпшілігі аймақтық басылымдар мен телерадио, сондай-ақ ақпараттық сайттар, радио қызметіне байланысты туындап отыр. Салыстырмалы зерттеу нәтижесі бойынша кейбір облыстық БАҚ-та аудиториямен байланыс әдістері толық пайдаланылмай келеді. Әлеуметтік желілер арқылы оқырман тарту да белсенді іске аспаған. Сондықтан аймақтық БАҚ-ты зерттеудің

маңызын бірнеше мәселелерді алға тарта отырып түсіндіруге болады.

Біріншіден, аймақтық журналистика қоғамдық-әлеуметтік маңызды мәселелерді қозғай отырып, билік пен халық арасында диалог орната алады. Себебі, аймақтық ақпарат кеңістігінде қоғамдық санаға ықпал етудің жаңа тетіктері қолданылуда. Мәселен, әлеуметтік медиада аудан, қала, облыс әкімдері мен басқарма басшыларымен сұқбат ұйымдастырылуы, жергілікті билік тарапынан айтылған сынға дер кезінде жауап беру, іске асыру біртіндеп болса да жүйеге қойылып келеді. Бұл – аймақтық журналистиканың қоғамды демократияландыруға, қоғамдық-саяси үдерістерге ықпал ететін тиімді саяси институт ретінде қалыптасқандығының көрсеткіші.

Екіншіден, аймақтық журналистикаға қойылатын талап жоғары. Себебі, өзекті әлеуметтік мәселелердің жазылуы, аймақтың әлеуметтік, экономикалық жағдайы, сондай-ақ демографиялық ерекшелігі, тұрғындардың этникалық құрамы және т.б. мәселелерді жазу аймақ журналистерінен жоғары кәсібилікті талап етеді.

Аталған мәселеге байланысты 2023 жылғы 25-26 қаңтарда өткен «Аймақтық баспасөз форумында» ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Д. Қыдырәлі кадр тапшылығын ашық айтқан еді. «Аймақтағы журналистер жан-жақты тақырыптарға дайындалып, әбден толысқан кезінде республикалық арналарға ауысып кетіп жатады. Бұл үрдіс бұрыннан жалғасып келе жатыр. Сондықтан да аймақтық редакцияларды кадр жетіспеушілігі айқын байқалады»[8].

Үшіншіден, аймақтық баспасөздің тарихын, қалыптасу, даму жолдарын зерттеу арқылы ұлттық мүдде, ұлттық сана, ұлттық идея тұтастығы мен дәстүр жалғастығына көз жеткіземіз. Әрбір аймақтың газеті сол өңірдің шежіресі. Сондықтан да аймақ баспасөзінің тарихын зерттеу – тұтас ұлттың тарихын зерделеудің үлкен саласы. Бұл бағыттағы мәселелерді жоғарыда көрсеттік.

**Қорытынды.** Қазіргі таңда ғалымдар мен тәжірибелі мамандар

аймақтық медианың цифрлық дәуірдегі трансформациялануын жіті қадағалап отыр. Мәселен, А.А.Градюшко, А.А. Бахвалова, И.А. Быков Беларусь мемлекетіндегі жергілікті БАҚ-тың технологиялық күштерге дайындығы мен мамандардың оны игеруі, ақпаратты өндіру мен таратудың жоғары жылдамдығы жағдайына түрлі әдістермен зерттеу жүргізген [9]. Зерттеуде авторлар тәжірибелі мамандар, сарапшылар, бас редакторлар арасында сауалнама жүргізіп, жергілікті медиаөндірістегі технологиялық дамудың дәстүрлі редакцияға ықпалын айқындайды.

Дәстүрлі және жаңа медианың арасындағы бәсекеде цифрлық технология алға шыққанын мойындауымыз керек. Ақпараттық дәуірде медиамаркетингтік зерттеу мен мониторинг жасау, ақпараттың шынайылығы мен талдау мен болжамның нақтылығы маңызды. Алдағы уақытта аймақтық БАҚ қызметін зерттеудің осы саласына ерекше мән беруіміз керек. Қазіргі таңда облыстық ақпарат құралдарында кадр тапшылығынан бөлек, экономикасы, менеджменті, маркетинг саласын да заманауи талаптарға сай іске асыру маңызды. Тіпті редакцияда SMM мамандары жүйелі жоспармен жұмыс істеуі жолға қойылмаған. Газеттердің ресми сайтында ақпараттар қайталанып жарияланғанымен қоймай, көшірме материалдар көп. Сондай-ақ ақпараттардың жаңартылу жиілігі төмен. Уақыт талабына ілесе алмаған басылымның оқырманы да көбеймейді. Әлеуметтік желілерде газет материалдарын бөлісу мен пікір жазудың маңызын түсінбеген әріптестер жеткілікті. Әсіресе солтүстік, батыс аймақтық қазақтілді басылымдарды жаңа сипатта дамыту аса қажет.

Португалдық ғалымдар Хосе Рикардо Карваллейро, Рикардо Морайс, Джованни Рамос цифрлық технологиялар енгізген мүмкіндіктерге қарамастан аймақтық БАҚ-тың диаспораға ақпарат тарату қызметіне контент талдау жасайды. Талдау барысында 11 аймақтық басылымның интернеттегі ресми сайттарынан диаспора өкілдерінің шет қалғанын айқындайды[10]. Қазақстандағы этносаралық қатынаста



да мәселе бар екенін жасырмаймыз. Аймақтық БАҚ қызметін ұйымдастыруда этносаралық қатынас тақырыбын жазудың түрлі әдістерін пайдалану маңызды. Әрине, бұл мәселе бөлек зерттеудің нысаны болғандықтан, көп тоқталмаймыз.

Қорыта келгенде, аймақтық БАҚ қызметін зерттеудің мәселелерін төмендегідей жіктейміз. Біріншіден, аймақтық басылымдар тарихын декретанушылық, салыстырмалы талдау әдістері арқылы қайта қарастыру қажет. Екіншіден, аймақтық БАҚ қызметінің жаңа медиаға трансформациялануына байланысты зерттеу жүргізген дұрыс. Бұл зерттеудің нәтижесінде жаңа

медианың мүмкіндіктерін пайдалану тәжірибесін анықтап, өңірлік БАҚ редакция қызметкерлеріне түрлі курстар ұйымдастыруға болады. БАҚ қызметін басқару мен ұйымдастырудың заманауи әдістерін үйретіп, газет ісін дамыта аламыз. Үшіншіден, аймақтық журналистердің кәсіби біліктілігін арттыруды қолға алған жөн. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі және Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті арасында жасалған меморандум аясында түрлі бағытта курстар өткізе аламыз. Бір сөзбен айтқанда, аймақтық БАҚ-тың бәсекеге қабілеттілігін арттыру – өте өзекті мәселе.

### Әдебиеттер тізімі

1. Сыр журналистикасының тарихы. 1-том. – Қызылорда: Тұмар, 2021. - 312 б.
2. Теміртас Г. Тарихы «Тіршіліктен» басталған «Арқа ажары» газеті 100-ге толды. [Электронды ресурс] – 2017. – URL: <https://abai.kz/index.php/post/59013/> (қаралған күні: 20.04.2023).
3. Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж., Оразай Ф. Қазақ журналистикасының тарихы. – Алматы: Рауан, 1996. - 244 б.
4. Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі: Қазақстан тарихының дерек көзі(1870-1918). Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2000. - 358 б.
5. Қожакеев Т. Жыл құстары. – Алматы: Қазақстан, 1991. - 240 б.
6. Аллаберген Қ. Қазақстанның облыстық және аймақтық баспасөзінің тарихы. – Алматы: Эпиграф, 2016. - 148 б.
7. Шыңғысова Н. Өңірлік мерзімді баспасөздің менеджменті мен маркетингі. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 303 б.
8. Қыдырәлі Д. Өңірлік БАҚ-қа қолдау күшейеді [Электронды ресурс] – 2023. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/press/news/> (қаралған күні: 20.04.2023).
9. Hradziushka A.A., Bakhvalova A.A., Bykov I.A. Local Media and digital environment in the Republic of Belarus: Strategies to survive *Proceedings of the 2020 IEEE Communication Strategies in Digital Society Seminar, ComSDS.*, 2020. Pages 87 – 90, April. [Электронды ресурс] – 2020. – URL: <https://inlnk.ru/AKL5w/> (қаралған күні: 31.05.2023).
10. Carvalho J.R., Morais R., Giovanni R. Regional press, digital media and the (new) diaspora // *Observatorio*, Volume 15, Issue 3, 2021 Pages 71 – 88. [Электронды ресурс] – 2020. – URL: <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85114639571&origin=resultslist&sort=plf-f> // (қаралған күні: 31.05.2023).

### References

1. Syr zhurnalistikasynyn tarihy [History of Syr journalism] (Tymar, Kyzylorda, 2021, 312 p.). Vol.1. [in Kazakh].
2. Temirtas G. Tarihy «Tirshilikten» bastalghan «Arka azhary» gazetі 100-ge toldy [The newspaper «Arka Azhary», whose history began with «Tirshilik», turned 100]. [Electronic resource] – 2017. – Available at: <https://abai.kz/index.php/post/59013/> (Accessed: 20.04.2023). [in Kazakh]
3. Allabergen K., Nyskabayuly Zh., Orazay F. Qazaq zhurnalistikasynyn tarihy. [History of Kazakh journalism] (Rauan, Almaty, 1996, 244 p). [in Kazakh]
4. Atabayev K. Qazaqbaspasozi: Qazaqstan tarihyndyn derekkozi (1870-1918) [Kazakh Press: source of history of Kazakhstan] (Kazak universiteti, Almaty, 2000, 358 p). [in Kazakh]

5. Kozhakeyev T. Zhyl qystary [Birds of the year] (Kazakhstan, Almaty, 1991, 240 p). [in Kazakh].
6. Allabergen K. Qazaqstannyn oblystyq zhane ajmaktyk baspasozinin tarihy [History of the regional press of Kazakhstan] (Epigraf, Almaty, 2016, 148 p). [in Kazakh]
7. Shyngysova N. Onirlik merzimdi baspasozdin menedzhmenti men marketing [Management and marketing of regional periodicals] (Kazakh universiteti, Almaty, 2015, -303 p). [in Kazakh].
8. Kydrali D. Onirlik BAK-ka koldau kushejedi [Electronic resource] – 2023. – Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/press/news/> (Accessed: 20.04.2023). [in Kazakh].
9. Hradziushka A.A., Bakhvalova A.A., Bykov I.A. Local Media and digital environment in the Republic of Belarus: Strategies to survive Proceedings of the 2020 IEEE Communication Strategies in Digital Society Seminar, ComSDS., 2020. Pages 87 – 90, April. [Electronic resource] – 2020. Available at: <https://inlnk.ru/AKIL5w/> (Accessed: 31.05.2023).
10. Carvalho J.R., Morais R., Giovanni R. Regional press, digital media and the (new) diaspora, *Observatorio*, Volume 15, Issue 3, 2021 Pages 71 – 88. [Electronic resource] – 2020. Available at: <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85114639571&origin=resultslist&sort=plf-f> (Accessed: 31.05.2023).

**G.Sh. Ashirbekova<sup>1</sup>, R.M. Yesnazarova<sup>2</sup>, S. B. Bakhtiyarkyzy<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

<sup>2</sup>*Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan*

### **Actual problems of studying regional media**

**Abstract.** The article analyzes the current problems of studying regional media. The author, comparing the methods of studying the history of the press and the data contained in the works of scientists, puts forward the need to systematize the history of regional newspapers in the future. Comparing research papers, shows the discrepancy of data in the history of the regional press using a table. It also emphasizes the place and important activity of regional media in domestic journalism and defines the importance of mastering technological capabilities in the digital age. The author relied on a number of research papers related to regional media and demonstrated their innovation.

Having analyzed the current problems of studying regional media, I focused on their significance. Also defines the issues that need to be considered in the future. The article clearly outlines the disadvantages of using the new media capabilities of regional media. It is established that foreign regional media researchers need to pay attention to research methods and consider problematic issues in the activities of regional media.

**Keywords:** Media, region, newspaper, editor, content analysis.

**Г.Ш. Аширбекова<sup>1</sup>, Р.М. Есназарова<sup>2</sup>, С.Б. Бахтиярқызы<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

<sup>2</sup>*Кызылординский университеті им. Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан*

### **Актуальные проблемы исследования региональных СМИ**

**Аннотация.** В статье анализируются актуальные проблемы изучения региональных СМИ. Авторы, сравнивая методы исследования истории прессы и данные, содержащиеся в трудах ученых, выдвигают необходимость систематизации истории областных газет в дальнейшем. Путем сравнения исследовательских работ, с помощью таблицы, показывается несоответствие данных в истории региональной прессы. Также подчеркиваются место и деятельность региональных СМИ в отечественной журналистике, определяется значение освоения технологических возможностей в эпоху цифровых технологий. Автор опирался на ряд исследовательских работ, касающихся региональных СМИ, и продемонстрировал их новаторство.

В работе анализируются актуальные проблемы изучения региональных СМИ, их значение, а также определяются вопросы, которые необходимо рассмотреть в дальнейшем. Изложены недостатки использования новых медиавозможностей региональных СМИ. Установлено, что зарубежным исследователям региональных СМИ необходимо уделять внимание методам исследования и рассматривать проблемные вопросы в деятельности региональных СМИ.

**Ключевые слова:** СМИ, регион, область, газета, редактор, контент-анализ.

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Әшірбекова Г.Ш.** – филология ғылымдарының кандидаты, баспасөз және баспа ісі кафедрасының доценті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

**Есназарова Р.М.** – филология ғылымдарының кандидаты, қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының доценті, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан.

**Бахтиярқызы С.** – филология ғылымдарының кандидаты, қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының доценті, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан.

**Ashirbekova G.Sh** – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Yesnazarova R. M.** – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan.

**Bakhtiyarkyzy S.** – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan.